

**2024 жылы «BIRGEMIZ: SABAQTASTYQ»  
жалпыұлттық жобасының  
шағын гранттар конкурсын өткізудің  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

1.1. Бұл Ереже «Birgemiz: Sabaqtastyq» жалпыұлттық жобасы аясында еріктілерді балалар үйлеріндегі балалар мен жасөспірімдерге және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған жастар мен балаларға қатысты тәлімгерлік іс-тәжірбиесіне тартуға бағытталған шағын гранттар конкурсын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің тәртібін айқындайды.

Гранттардың жалпы сомасы 9 000 000 (тоғыз миллион) теңгені құрайды. Конкурс аясында 30 жеңімпаз анықталып, олардың әрқайсысы еріктілік бастамаларды жүзеге асыруға 300 000 (үш жүз мың) теңге көлемінде шағын гранттар алады.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі тапсырысымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» (бұдан әрі – *Оператор*) гранты аясында: «Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында балалар үйіндегі балалар мен жастарға қатысты, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға қатысты, еріктілердің тәлімгерлік тәжірибесін енгізу бойынша «Birgemiz: Sabaqtastyq» жалпыұлттық жобасын жүзеге асыру» тақырыбында өткізіледі.

1.2. Ережеде келесі түсініктемелер қолданылады:

**Тапсырыс беруші** – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

**Оператор** – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

**Ұйымдастырушы** – үкіметтік емес ұйым, Оператордан грант алушы – «QOLDAU» білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігі;

**Шағын гранттар** – үкіметтік емес ұйымдарға, бастамашыл топтарға, оның ішінде қамқоршылық кеңестерге, жеке тұлғаларға арналған гранттар;

**Өтініш беруші** – үкіметтік емес ұйымдар, бастамашыл топтар, оның ішінде қамқоршылық кеңестер, конкурсқа қатысуға өтінім берген жеке тұлғалар;

**Шағын грант иегері** – конкурстың жеңімпазы үкіметтік емес ұйымдар, бастамашыл топтар, оның ішінде қамқоршылық кеңестер, шағын грант алған жеке тұлғалар;

**Бастамашыл топтар** – әлеуметтік мәселелерді шешу жөніндегі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін 2 немесе одан да көп адамның ерікті бірлестіктері;

**Конкурс** – осы Ережеге сәйкес шағын гранттар беру бойынша жеңімпазды анықтау процесі;

**Конкурстық комиссия** – шағын грант иегерлерін іріктеу мақсатында өтінімдерді бағалау үшін Ұйымдастырушы құратын алқалы орган болып табылады.

## **2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **2.1. Конкурстың мақсаты:**

Еріктілерді балалар үйлеріндегі балалар мен жастарды және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған жастар мен балаларды әлеуметтік бейімдеуге жәрдемдесуге бағытталған тәлімгерлік тәжірбиесіне тарту.

### **2.2. Конкурстың міндеттері:**

- 1) халық арасында \_\_\_\_\_ саласындағы еріктілікті насихаттау;
- 2) әлеуметтік жетімдік тәуекелін төмендету;
- 3) тәлімгерлік қозғалысын дамытуға жәрдемдесу;
- 4) балаларға өзін-өзі кәсіби түрде анықтауға көмектесу;
- 5) балалардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларының дәрежесін арттыру;
- 6) тәлімгерлердің жетістіктерін насихаттау, Қазақстан Республикасында тәлімгерліктің үздік тәжірибелерін тираждау;
- 7) тәлімгерлік практикасын жүзеге асыруға еріктілердің қатысуын кеңейту;
- 8) тәлімгердің әлеуметтік мәртебесін арттыру, тәлімгердің қоғамдағы рөлін, орнын және оны жүйелі көтермелеу мүмкіндігін тану;
- 9) балалар үйлеріндегі балалар мен жастардың және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған жастар мен балалардың әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесу.

## **3. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.1. Конкурсқа Қазақстан Республикасының резиденттері/азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар, бастамашыл топтар, оның ішінде қамқоршылық кеңестер, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар қатыса алады.

3.2. **Жеке тұлға** өтініш берген жағдайда, өтініш беруші 18 жастан асқан болуы тиіс.

3.3. **Бастамашыл топтан** өтінім берілген жағдайда, топ басшысы 18

жастан асқан болуы тиіс. Топтың қалған мүшелеріне қойылатын талаптар: бастамашыл топ мүшелері 18 жастан асқан болуы қажет. Конкурса қатысуға өтінімді бастамашыл топтың басшысы оның барлық мүшелерін көрсете отырып тікелей беруі тиіс.

3.4. Конкурса қатысатын **үкіметтік емес ұйымдар** өтінім беру кезінде келесі критерийлерге сәйкес келулері керек:

- 1) ҮЕҰ Дерекқорында тіркелуі;
- 2) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімінде болмауы;
- 3) қолданыстағы шектелмеген есеп айырысу шотының болуы;
- 4) басшылар мен құрылтайшылар Ұйымдастырушының жұбайы (зайыбы), жақын туыс-жекжаттары болмауға тиіс;
- 5) тарату процесінде болмауға, дәрменсіз (банкрот) деп танылмауға, мүлікке тыйым салынбауға және (немесе) экономикалық қызметі тоқтатылмауға тиіс.

3.5. Өтінімдерді қарау кезінде сертификаттардың, алғыс хаттардың, ұсынымдардың, жарияланымдардың немесе волонтерлік тәжірибенің немесе әлеуметтік жобаларды іске асырудың басқа да растауларының болуы қосымша қосымша артықшылық болып есептеледі.

3.6. Өтініш беруші конкурса қатысу үшін тек 1 (бір) әлеуметтік жобаны ұсына алады.

#### 4. ЖОБАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. Жобалар азаматтардың жеке күш-жігерін (ерікті миссия) және еріктілердің балалар үйлеріндегі балалар мен жастарға, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған жастар мен балаларға қатысты тәлімгерлік практикасы саласындағы еріктілер бастамаларын қолдауға бағытталуы тиіс.

4.1. Балалар мен жастарды дамытуға бағытталған әр түрлі hard skills және soft skills бағыттары бойынша жобалар қабылдануда.

4.2. Жобалар келесі **бағыттар** бойынша қабылданады:

1) еріктілердің балалар үйлеріндегі балаларға мен жастарға, Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған жастар мен балаларға қатысты тәлімгерлік тәжірибесін дамыту.

2) 4.1-тармаққа сәйкес келетін өзге де бағыттар.

4.3 Грант қаражатын еңбекақы төлеу қорына, жылжымайтын мүлікті сатып алуға немесе жалға алуға, нысандарды күрделі жөндеуге және (немесе) салуға, басқа да әкімшілік шығындарға жіберуге жол берілмейді.

4.4 **Бір шағын грант сомасы** – 300 000 (үш жүз мың) теңге.

4.5 **Жобаны жүзеге асыру кезеңі** – шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде, бірақ 2024 жылдың 1 қазанына дейін.

4.2. **Бір шағын грант аясында күтілетін нәтижелер:**

1) Балалар мен жастардың hard skills және soft skills қабілеттерін дамыту;

2) кәсіптік бағдар беру іс-шараларынан өткен балалар мен жастар санының өсуі;

3) тәлімгерлік тәжірибесін жүзеге асыруда еріктілер санының өсуі;

4) балалар мен жастардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларының дәрежесін арттыру;

5) жобаның әрі қарай жалғасуы мен тұрақтылығы үшін, инвестициялық тараптан қосымша ресурстарды тарту;

3) әрбір грант шеңберінде төтенше жағдайлар бойынша профилактикалық жұмыстарды жүргізу.

4.6. Конкурстық комиссияның қарауындағы келесі жобалар басымдыққа ие болады: жүйелі, қолданыстағы, өңірдегі жағдайды жақсы жаққа өзгертетін жобалар.

4.7. Жоба өтінім нысанына толық сәйкес ресімделуі тиіс (№1 қосымша).

## 5. БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

5.1. Байқаудың өту кезеңдері:

№	Кезеңнің атаулары	Орындау мерзімі
1.	Ұйымдастырушының, Оператордың, қатысуға серіктестердің интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерінде конкурстың басталғаны туралы хабарландыруды жариялауы	2024 жылғы 25 сәуір
2.	Өтініштерді қабылдау (15 жұмыс күні) және арнайы байқау қатысушылары үшін ақпараттық-түсіндіру науқанын өткізу ( <i>мысалы, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та жұмыс істеу, өңірлердегі кездесулер, жергілікті ҰЕҰ-мен жұмыс істеу, көрнекі өнімдер шығару, консультациялар, мастер-кларстар, және т. б.</i> )	2024 жылғы 25 сәуірден бастап 2024 жылғы 20 мамыр сағат 23.59-ға дейін
3.	Байқау өтініштерін іріктеу	21 мамырдан 30 мамырға дейін 2024 жыл
4.	Ұйымдастырушының интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілерінде іріктеу нәтижелерін қорытындылау және жариялауы	2024 жылғы 31 мамыр

5.2. Конкурса қатысуға өтінімдерді қабылдау:

5.2.1. Конкурса қатысу үшін жобалық өтінімдер №1 қосымшаға сәйкес ресімделген Microsoft Word және PDF форматтарында болуы тиіс.

5.2.2. Конкурса қатысуға өтінімдер электрондық нұсқада **2024 жылғы 25**

сәуірден бастап 2024 жылғы 20 мамыр сағат 23.59-ға дейін [psqoldau@gmail.com](mailto:psqoldau@gmail.com) электрондық поштасына қабылданады, хаттың тақырыбында «**Шағын гранттар конкурсына қатысуға өтінім**» деп көрсету қажет.

### 5.2.3. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) жеке тұлғалар, бастамашыл топтар, оның ішінде қамқоршылық кеңестер үшін:

- № 1 қосымшаға сәйкес ресімделген өтінім;
- жеке тұлғаның/бастамашыл топ басшысының жеке куәлігінің сканерленген нұсқасы;

2) үкіметтік емес ұйымдар үшін:

- №1 қосымшаға сәйкес ресімделген өтінім;
- үкіметтік емес ұйым басшысы жеке куәлігінің сканерленген нұсқасы;
- заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі;
- ұйымға қызмет көрсететін банктік шоттың болуы туралы анықтама түпнұсқасының сканерленген нұсқасы;
- несие берешегінің болуы/болмауы туралы анықтама;
- өтініш берілген күні жағдайы бойынша жазбалары мемлекеттік кіріс органдарында жүргізілетін берешегінің болмауы (болуы) туралы мәліметтер.

5.2.4. Қажетті құжаттарды жіберген кезде өтініш беруші әрбір тармақ бойынша толтырылған және қол қойылған өтінім нысанын, сондай-ақ құжаттардың бірыңғай құжаттағы (PDF) көшірмелерін жібереді.

5.2.5. Жобаның мәнін ашатын таныстырылым немесе бейнеролик болған жағдайда, олар өтініммен бірге поштаға БІР хатпен жіберіледі.

5.2.6. Қажет болған жағдайда Ұйымдастырушылар өтінім берушіден конкурсқа қатысы бар қосымша ақпаратты сұрату құқығын өзіне қалдырады.

5.2.7. Конкурсқа қатысуға өтінім осы Ережеде көзделген талаптар мен шарттарға Өтініш берушінің келісімін білдіру нысаны болып табылады.

5.2.8. Өтінішті толтыру және беру шығындарын өтініш беруші көтереді.

5.2.9. Өтінім беруші өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін конкурсқа қатысуға өз өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

5.2.10. 5.2.2-тармаққа сәйкес Ұйымдастырушы белгілеген мерзімдерден кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

5.2.11. Ұйымдастырушылар өтініш берушілердің жеке деректерінің құпиялылығы мен сақталуына кепілдік береді.

5.3. Іріктеудің басталуы мен аяқталуы туралы хабарландыру жарияланады:

- [www.qazvolunteer.kz](http://www.qazvolunteer.kz) порталында
- Ұйымдастырушысының әлеуметтік желілері: Instagram - **@qoldau\_kz**, Facebook - **qoldau.kz**
- Оператордың әлеуметтік желілері: Instagram – **@cisc\_official**, Facebook - **cisc.kz**, сайт - **cisc.kz**.

## 6. ЖОБАЛАРДЫ ІРІКТЕУ

6.1. Жобаларды конкурстық іріктеу екі кезеңде өтеді:

- 1) техникалық іріктеу;
- 2) конкурстық комиссияның бағалауы.

6.2. Өтінімдерді **техникалық іріктеуді** Ұйымдастырушының қызметкерлері ұсынылған құжаттардың толықтығын және олардың осы Ереженің шарттарына сәйкестігін белгілеу мақсатында жүргізеді.

6.3. Техникалық іріктеуді жүргізу кезінде Ұйымдастырушының қызметкерлері мынадай өлшемшарттарды басшылыққа алады:

- осы Ереженің 3-бөлімінде көрсетілген конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестік;
- шағын гранттарды іске асырудың күтілетін нәтижелеріне, сомасына, мерзімдеріне, сондай-ақ осы Ереженің 4-бөлімінде көрсетілген өзге де талаптарға сәйкестігі;
- өтінім нысаны мен осы Ереженің 5.2.3-тармақта көрсетілген барлық құжаттардың қосымшасына толық сәйкес ресімделген;
- Ұйымдастырушыға хабарландыруда / осы Ереженің 5.2.2-тармақта көрсетілген мерзімде жіберілді;
- Ұйымдастырушыға толық және сенімді ақпарат берілді.

6.4. Өтінімнің техникалық іріктеу кезеңінде осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеу фактілері анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы өтінім берушіге ескертулерді жою қажеттігі туралы хабарлама жібереді. Өтінім хабарлама алғаннан кейінгі келесі күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде пысықталуы тиіс. Көрсетілген мерзімде барлық ескертулер жойылмаған жағдайда өтінім қабылданбайды.

6.5. Техникалық іріктеу нәтижелері хаттамамен рәсімделеді, ол жобаның/Ұйымдастырушының сайтында жарияланады.

6.6. Техникалық іріктеуден өткен барлық өтінімдерді **конкурстық комиссияның бағалауына** жіберіледі.

6.7. Құрамында кемінде 5 адамнан тұратын конкурстық комиссияны Ұйымдастырушы Оператормен келісе отырып, азаматтық қоғам, мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат құралдары, бизнес өкілдері және қоғамдық пікір көшбасшылары қатарынан, сондай-ақ Оператордың өкілінен қалыптастырады.

6.8. Конкурстық комиссияның мүшелері Конкурстың мақсаттарына, міндеттері мен өлшемдеріне сәйкес Шағын грант иегерін таңдау жөнінде бейтарап шешім шығаруға міндетті.

6.9. Жобаларды қарауды және бағалауды конкурстық комиссияның әрбір мүшесі осы Ереженің № 3 қосымшасында көрсетілген бағалау өлшемшарттарына сәйкес дербес жүзеге асырады.

6.10. Әрбір критерий бес балдық шкала бойынша бағаланады (0-ден 5 балға дейін).

6.11. «Мүдделер қақтығысы» жағдайының туындауын болдырмау үшін жеке мүдделілігі шешім қабылдау процесіне әсер етуі мүмкін конкурстық комиссияның мүшесі туындаған «мүдделер қақтығысы» туралы конкурстық комиссияның

хатшысына хабарлауға және Комиссия мүшелерінің құрамынан шығуға тиіс.

6.12. Конкурс жеңімпаздарын анықтау конкурстық комиссияның отырысында өткізіледі.

Комиссия отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, заңды болып табылады. Комиссия төрағасы конкурстық комиссияның отырысында сайланады.

6.13. Конкурстық комиссияның отырысында жобалардың жиынтық рейтингі қаралады, ол Комиссияның барлық мүшелерінің жобаларды бағалау қорытындылары бойынша жасалады.

Жобалардың рейтингі жобаның жалпы балының негізінде қалыптастырылады.

6.14. Конкурстық комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен қабылданады. Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссияның төрағасы, қатысып отырған мүшелері және хатшысы қол қояды. Хаттама Ұйымдастырушының сайтында немесе ресми беттерінде жарияланады.

Конкурстық комиссияның шешімі түпкілікті сипатқа ие және өзгертуге жатпайды.

6.15. Жалпы балдың ең көп сомасын жинаған 30 үміткер конкурстың жеңімпаздары болып танылады.

6.16. Конкурстық комиссия өтініш берушілерде тең балдар айқындаған жағдайда, қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен конкурс жеңімпазы айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.17. Конкурстық комиссияның шешімі негізінде Ұйымдастырушы шағын грант жеңімпаздарымен шағын грант беру туралы шарт жасасады.

6.18. Жеңімпазбен шағын грант беру туралы шарт жасасу мүмкін болмаған жағдайда, конкурстық комиссия ең жоғары балы бар келесі өтініш берушіге шағын грант беру туралы шешім қабылдайды.

6.19. Егер шағын гранттар конкурсының жеңімпаздарының саны 30-дан аз болса, Ұйымдастырушы Оператормен келісе отырып, қосымша конкурс жариялайды.

6.20. Егер иеленуші шағын грантты жүзеге асыру процесінде өз міндеттемелерін орындамаса, шағын грант Ұйымдастырушыға қайтарылуға міндетті. Өз кезегінде Ұйымдастырушы Оператормен келісе отырып, қосымша конкурс жариялайды немесе конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес неғұрлым жоғары балы бар келесі өтініш берушіге шағын грант береді.

## **7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

7.1. Шағын грант иегерлері мен Ұйымдастырушы шағын грант беру туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерінен бас тартқан немесе тиісінше орындамаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## 8. ГРАНТ ҚАРАЖАТЫН АУДАРУ ТӘРТІБІ

8.1. Шағын гранттар жеңімпаздарына гранттарды бөлу Шағын гранттар конкурсы қорытындыларының хаттамасы және шағын грант беру туралы қол қойылған шарт негізінде жүзеге асырылады.

8.2. **Үкіметтік емес ұйымдар** үшін шағын грантты қаржыландыру грант қаражатын олардың есеп айырысу шотына – Шағын грант иегеріне екі төлеммен аудару жолымен жүзеге асырылады:

- *Гранттың 70% мөлшеріндегі алғашқы төлемі шарт жасалғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде аударылады;*

- *Грант сомасының 30% мөлшеріндегі екінші төлемі қорытынды бағдарламалық және қаржылық есепті қабылдағаннан және тапсыру-қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін үш банктік күн ішінде аударылады.*

8.3. **Жеке тұлғаларға, бастамашыл топтарға,** оның ішінде қамқоршылық кеңестерге арналған грантты қаржыландыру Ұйымдастырушының жобаның бекітілген сметасына сәйкес берілген, Шағын грант иегерлеріне ұсынатын шағын гранттардың төлем шоттары бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілердің есеп шотына қаражатын аудару жолымен жүзеге асырылады.

8.4. Жеке тұлғалардың, бастамашыл топтардың, оның ішінде қамқоршылық кеңестердің еңбек ресурстарын тартуы осы Ережеге № 7 қосымшаға сәйкес бастамашыл топтың немесе жеке тұлғаның өтінімі бойынша жобаның бекітілген сметасына сәйкес Ұйымдастырушы мен Тартылатын орындаушы маман арасында қызметтер көрсету үшін азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт негізінде жүзеге асырылады.

8.5. Жеке тұлғалар, бастамашыл топтар, оның ішінде қамқоршылық кеңестер тартатын мамандардың қызметтеріне ақы төлеуді Ұйымдастырушы орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі негізінде салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді ұстай отырып, Орындаушының есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүзеге асырады.

8.6. Сметаны түзетуге Ұйымдастырушының жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

## 9. ШАҒЫН ГРАНТТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІ

9.1. Конкурсты Ұйымдастырушы шағын гранттардың жүзеге асырылу барысына мониторинг жүргізуге міндетті.

9.2. Жобаны жүзеге асыру мониторингі осы Ереженің № 4 және 5 қосымшасына сәйкес Шағын грант иегері ұсынған әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты және оларды жүзеге асыру туралы есептерді жинау, өңдеу және талдау арқылы жүзеге асырылады.

9.3. Мониторинг критерийі шағын грант беру туралы шартқа міндетті қосымша болып табылатын осы Ережеге № 1 қосымшаның 3 және 4-кестелерінде



көрсетілген жоба және жобаны жүзеге асыру жоспары туралы ақпаратқа негізделеді.

9.4. Шағын гранттарды жүзеге асыруды мониторингілеу критерийлеріне келесілер кіреді:

- *Белгіленген мерзімдерге сәйкес жоспарланған мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды және күтілетін нәтижелерді уақтылы орындау;*
- *Есептерде және өзге де құжаттарда көрсетілген ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы (шығыстарды растайтын барлық қаржылық құжаттардың, сондай-ақ № 1 қосымшаның 4-кестесінде жазылған әрбір іс-шараға арналған сапалы фото және бейне материалдардың болуы).*

9.5. Ұйымдастырушы ақшалай қаражатты мақсатсыз жұмсады деп таныған жағдайда, Иегер Ұйымдастырушыдан тиісті хабарлама-талап алғаннан кейін (Ұйымдастырушының шарттан бас тартуы) 5 (бес) жұмыс күні ішінде шағын грант сомасын Ұйымдастырушының банктік шотына толық көлемде қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

9.6. Шағын грант беру шартының № 4, 5 және 6 қосымшаларына сәйкес ұйымдастырушы қабылдаған жоба нәтижелері туралы есеп, жоба шығыстары жөніндегі есеп және есепті қабылдау-тапсыру актісіне қол қою жобаның жүзеге асырылуын растау болып табылады.

9.7. Толық емес мәліметтер ұсынылған кезде Ұйымдастырушы есепті пысықтауға жіберуге құқылы.

9.8. Есептерді уақтылы тапсырмаған жағдайда, Шағын грант иегері Ұйымдастырушыға шағын грант беру шартының жалпы сомасынан кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын төлейді.

9.9. Шағын грант иегері Оператор мен Ұйымдастырушыға жобаның жүзеге асырылу барысы, оның кезеңдері мен нәтижелері туралы ақпаратты БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялауға келісімін береді.

9.10. Жобаларды жүзеге асыру туралы ақпарат, сондай-ақ нәтижелер Шағын грант иегері мен Ұйымдастырушының әлеуметтік желілердегі парақшасында орналастырылуы тиіс.

9.11. Жобаны іске асыру шеңберінде сатып алынған тауарлар тараптардың келісімі бойынша балалар үйлеріне берілуі мүмкін.

## **10. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ**

10.1. Барлық туындайтын дауларды Ұйымдастырушы және конкурстық комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешеді.

10.2. Конкурсқа қатысуға қатысты барлық сұрақтар бойынша менеджер Шамакова Жанат, байланыс телефоны: 8 701 516 15 68 10.00-ден 18.00-ге дейін хабарласуға болады.

10.3. Конкурсты ұйымдастырушылар: «QOLDAU» білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігі, мекенжайы: Астана қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 19/2, 55 кеңсе байланыс тел: 8 701 516 15 68, e-mail: [psqoldau@gmail.com](mailto:psqoldau@gmail.com).

**Қатысу өтінімінің үлгісі**

**Кімге:** «QOLDAU» білім беру  
ұйымдарының қамқоршылық кеңесі»  
қоғамдық бірлестігі

**Кімнен:** \_\_\_\_\_  
(ұйымның және басшысының толық  
атауын көрсетіңіз )

**«Жоғалған адамдарды іздеу, апаттар қаупін азайту және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі жобаларға еріктілерді тарту бойынша «Birgemiz: Úmit» тақырыбы бойынша шағын грант беру конкурсына қатысуға өтінім**

Осы өтінішті беру, \_\_\_\_\_ (толық атауын көрсетіңіз) (бұдан әрі-өтініш беруші)  
«\_\_\_\_\_» тақырып бойынша шағын гранттар конкурсына қатысуға дайын екендігін растайды және конкурстың шарттарына сәйкес әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға келісім береді.

Осымен өтініш беруші өтініште және оған қоса берілетін құжатта қамтылған барлық ақпараттың дұрыс болып табылатынын, шынайы фактілерге сәйкес келетінін және өзінің құзыреті, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы анық ақпарат беретінін растайды және кепілдік береді, авторлық және сабақтас құқықтардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулердің сақталуына жауапты болады. Өтініш беруші дұрыс емес ақпарат бергені үшін толық жауап береді.

\_\_\_\_\_  
(ұйым басшысының лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(қолы, мекеме мөрі) (толық аты-жөні)

Толтырылған күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

## 1. Өтініш беруші туралы мәліметтер

### *Жеке тұлғалар үшін*

Елді мекен	
Аты-жөні, тегі	
Туған күні	
Білімі	
Оқу/жұмыс орны	
Марапаттар, сертификаттар, курстар	
Байланыс телефоны	
Қосымша байланыс телефоны	
Электрондық мекенжайы	
Әлеуметтік желілердегі аккаунттар	
Қосымша мәліметтер	

### *Бастамашыл топтарға, оның ішінде қамқоршылық кеңестерге*

Елді мекен	
<b><i>Бастамашыл топтың басшысы туралы мәліметтер:</i></b>	
Аты-жөні, тегі	
Туған күні	
Білімі	
Оқу/жұмыс орны	
Марапаттар, сертификаттар, курстар	
Байланыс телефоны	
Қосымша байланыс телефоны	
Электрондық мекенжайы	
Әлеуметтік желілердегі аккаунттар	

Қосымша мәліметтер	
<b>Бастамашыл топтың қатысушылары туралы мәліметтер:</b>	
<b>1 қатысушы (әрбір қатысушыға жеке толтырылады)</b>	
Аты-жөні, тегі	
Туған күні	
Байланыс телефоны	
Электрондық мекенжайы	
Өлеуметтік желілердегі аккаунттар	
<b>2 қатысушы</b>	
<b>3 қатысушы және т.б.</b>	

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін:**

Қазақ және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы және заңды мәртебесі	
Заңды тіркелу күні	
Ұйымның заңды мекенжайы (пошталық индекс, облыс, елді мекен, көше, үй, кеңсе)	
Ұйымның нақты мекенжайы (пошталық индекс, облыс, елді мекен, көше, үй, кеңсе)	
Ұйымның байланыс ақпараттары (жұмыс телефоны, факс, электрондық пошта)	
Ұйымның бірінші басшысының аты-жөні	
Басшының лауазымы	
Басшының байланыс нөмірлері (жұмыс телефоны, факс, электрондық пошта)	
Ұйым есепшісінің аты-жөні	
Есепшінің байланыс ақпараты (жұмыс телефоны, факс, электрондық пошта)	

**2. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер**

<b>№</b>	<b>Жобаның атауы, мақсаттары, міндеттері, мазмұны</b>	<b>Орындау мерзімі</b>	<b>Күтілетін нәтиже</b>	<b>Жұмсалған ресурстар (қаржылық, материалдық, адам және т. б.)</b>
<b>1.</b>				
<b>2.</b>				

### 3. Жоба туралы ақпарат (келісімшартқа міндетті қосымша болады)

1.	<b>Жобаның атауы</b> (жобаның атауын қазақ және орыс тілдерінде көрсетіңіз)	
2.	<b>Жобаның мақсаты</b> (Сіздің жобаңыз не үшін қажет? Сіздің елдімекеніңізде қандай әлеуметтік мәселені шешеді?)	
3.	<b>Жобаны жүзеге асыру аумағы</b>	
4.	<b>Жобаның мақсатты тобы</b> (Сіздің жобаңыздың пайдасы кімге тиеді?)	
5.	<b>Жоспарланған мақсатты топтың сандық қамтылуы</b> (Сіздің жобаңыз қанша адамға пайдалы бола алады? Нақты санды көрсетіңіз)	
6.	<b>Жоба бойынша қызметтің қысқаша сипаттамасы. Жоба бойынша іс-шаралар тізбесі</b> (Сіз жобаны іске асыру үшін не істейсіз? Сіз оны қалай жасай аласыз? Қандай іс-шаралар өткізесіз?)	
7.	<b>Жоба бойынша серіктестер</b> (Жобаны кіммен жүзеге асырасыз? Кімнен көмек сұрайсыз? Кімді тарту керек? Сіз серіктес ретінде қандай ұйымдар мен мекемелерді тартуды жоспарлап отырсыз? Серіктестердің атауын көрсетіңіз)	
8.	<b>Күтілетін нәтижелер және жобаның әлеуметтік әсері</b> (Нәтижесінде не аласыз? Жергілікті халық үшін сіздің жобаңыз қандай пайда әкеледі? Жоба жүзеге асырылғаннан кейін сіздің өңіріңізде қандай өзгерістер болады?)	
9.	<b>Жобаның жалпы құны (теңгемен)</b> (Жобаны жүзеге асыру үшін қанша ақша қажет?)	
10.	<b>Жобаның тұрақтылығы</b> (Қаржыландыру аяқталғаннан кейін жобаны жалғастыра аласыз ба? Жобаны қалай жалғастыруды жоспарлайсыз?)	
11.	<b>Қоғамды ақпараттандыру</b> (Адамдар сіздің жобаңыз туралы қалай біледі? Жоба туралы ақпаратты қайда орналастырасыз? Мүмкіндігінше атауын көрсетіңіз).	
12.	<b>Әлеуметтік жобаның тәуекелдері</b> Қандай тәуекелдер жобаның барысы мен нәтижесіне әсер етуі мүмкін? Сіз ықтималдылықты азайтуды және мұндай салдарды барынша азайтуды қалай жоспарлайсыз?	

**4. Жобаны жүзеге асыру жоспары (шарт бойынша міндетті қосымша)**

№	Әрекет / Іс-шара	Жоспарланған мерзім	Қатысушылар	Топтың жауапты мүшесі
1	2	3	4	5

**5. Жобаның шығындары**

№	Шығыстар бабы	Саны	Бағасы	Сомасы
1	2	3	4	5
	<b>Барлығы</b>			

\_\_\_\_\_ (лауазымы (ҮЕҰ үшін))

\_\_\_\_\_ (толық атауы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Толтырылған күні «    » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

**\*Өтінімге мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:**

1) жеке тұлғалар, бастамашыл топтар, оның ішінде қамқоршылық кеңестер үшін:

- жеке тұлғаның/бастамашыл топ басшысының жеке куәлігінің сканерленген нұсқасы;

2) үкіметтік емес ұйымдар үшін:

- үкіметтік емес ұйым басшысының жеке куәлігінің сканерленген нұсқасы;
- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- ұйымға қызмет көрсететін банктік шоттың болуы туралы анықтаманың түпнұсқасының сканерленген нұсқасы;
- несие берешегінің болуы/болмауы туралы анықтама;
- Мемлекеттік кірістер органдарында есепке алу жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер, өтінім берілген күнгі жағдай бойынша.

**\*Өтініммен қоса берілетін құжаттар:**

1) ұсыныс хаттар (бар болса);

2) жобаның тұсаукесері, жоба туралы бейнеролик (бар болса).

**Конкурстың қорытындысы жарияланғаннан кейін әлеуетті грант иегерлері келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:**

**АҚС шарты бойынша тартылатын мамандар үшін қажетті құжаттар:**

- жеке куәліктің сканерленген нұсқасы;
- 20 таңбалы шот нөмірінің болуы туралы қолы мен мөрі бар банктен анықтаманың сканерленген нұсқасы;
- Мемлекеттік кірістер органдарында есепке алу жүргізілетін берешектің болуы/болмауы туралы мәліметтер, өтінім берілген күнгі жағдай бойынша;
- тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжат (түйіндеме, диплом/курстардан өткені туралы сертификат және т. б.)

Өтініш беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.



## ЖОБАНЫ БАҒАЛАУ НЫСАНЫ

Өтініштің нөмірі:  
Жобаның бағыты:

Шартқа сәйкес бағалау шкаласы: 0-5 ұпай (бүтін сандар):	
0 ұпай	сәйкес емес
1-2 ұпай	әлсіз сәйкестік
3 ұпай	қанағаттанарлық сәйкестік
4 ұпай	жақсы сәйкестік
5 ұпай	үздік сәйкестік

Комиссия мүшесінің аты-жөні: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

Қолы: \_\_\_\_\_

**ЖОБАНЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

<b>№ п/п</b>	<b>Бағалау шарттары</b>	<b>Ұпай (0-5)</b>
<b>1</b>	Жоба шешуге бағытталған мәселенің өзектілігі және мақсатты аудитория үшін әлеуметтік маңыздылығы	0-5
<b>2</b>	Мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін қанағаттандыру және мәселелерді шешудің тиімділігі	0-5
<b>3</b>	Жобаны одан әрі дамыту ұтымдылығы және оның тұрақтылығы	0-5
<b>4</b>	Әлеуметтік әсері: тартылған еріктілер саны және қолданушылар саны	0-5
<b>5</b>	Бюджеттің орындылығы мен негізділігі	0-5
	<b>Қорытынды ұпай:</b>	0-25

## Жобаның нәтижелері туралы есеп

<b>Шағын грант иегері:</b>	
<b>Жобаның атауы:</b>	
<b>Күні:</b>	

№	Іс-әрекет/ іс-шара	Орындалу уақыты	Қатысушы	Жеткен нәтижелер
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
...				

<b>Ұйымдастырушы:</b>	<b>Шағын грант иегері:</b>
«QOLDAU» білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігі	
<b>Төраға</b> _____	<b>Аты-жөні</b> _____
М.П.	М.П.

## Жобаның шығыс есептері

<b>Шағын грант иегері:</b>	
<b>Жобаның атауы:</b>	
<b>Күні:</b>	

№	Шығыстар бабы (тауарлар, қызметтер)	Өлшем бірлігі	Бірліктер саны	Бағасы	Сомасы	Қызметтерді, тауарларды жеткізуші (есепті тапсыру кезінде)
1.						
2.						
3.						
...						
	<b>Қорытынды:</b>					

<b>Ұйымдастырушы:</b>	<b>Шағын грант иегері:</b>
«QOLDAU» білім беру ұйымдарының камқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігі	
<b>Төраға</b> _____	<b>Аты-жөні</b> _____
М.П.	М.П.

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін шағын грант беру туралы №\_\_ келісім шарты**

Астана қ. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.  
Бұдан әрі «Ұйымдастырушы» деп аталатын «**QOLDAU**» **білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңесі** қоғамдық бірлестігі бір жағынан Жарғы негізінде әрекет ететін Сағындық Фарида атынан және \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Шағын грант иегері» деп аталатын тұлғада \_\_\_\_\_, негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, екінші жағынан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын 2024 жылғы «Birgemiz: Sabaqtastyq» жалпыұлттық жобасының шағын гранттар конкурсын өткізу туралы Ережеге сәйкес, Шағын гранттар конкурсы қорытындыларының 2024 жылғы \_\_\_\_\_ хаттамасы негізінде осы шағын грант беру туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

**1. Шарттың мәні**

1.1. Ұйымдастырушы Шағын грант иегеріне нысаналы пайдалану үшін ақша қаражатын (бұдан әрі - Грант) береді, ал Шағын грант иегері Грантты осы Шартта көзделген талаптарға сәйкес және тәртіппен қабылдауға және оған билік етуге міндеттенеді.

1.2. Грант Шағын грант иегері «\_\_\_\_\_» (бұдан әрі-жоба) жобаны іске асыру мақсатында беріледі. Жобаны іске асыру Жоспарына (Шартқа №1 Қосымша), жоба бюджетіне (Шартқа №2 Қосымша) сәйкес, жобаның нәтижелері туралы есеп (шартқа №3 Қосымша), жобаның шығыстары бойынша есеп (Шартқа № 4 Қосымша) және есепті қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға (Шартқа №5 Қосымша) беріледі.

1.3. Шарттың осы тармағында көрсетілген барлық жағдайлардың болуы Шартты жасасудың және Грантты берудің шарттары болып табылады:

1) қайта ұйымдастыру, тарату процесінде емес, Шағын грант иесіне қатысты банкроттық рәсімі енгізілмеген, оның қызметі тоқтатылмаған;

2) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің салықтарын, алымдарын, сақтандыру жарналарын және бюджеттеріне төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша берешегі жоқ;

3) Шағын грант иеленушіге қатысты Шағын грант иеленушіден ақшалай қаражатты өндіріп алу туралы заңды күшіне енген орындалмаған сот актілері жоқ.

4) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауға;

5) шағын грант иегерінің басшылары, құрылтайшылары ұйымдастырушының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмауға тиіс.

**2. Гранттың мөлшері және оны беру тәртібі**

2.1. Ұйымдастырушы «Еріктілердің балалар үйлеріндегі балалар мен жастарға, Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға қатысты тәлімгерлік тәжірибесін енгізу бойынша «Birgemiz: Sabaqtastyq» жалпыұлттық жобасын жүзеге асыру аясында Шағын грант иеленушіге Грант беруді жүзеге асырады.

2.2. Гранттың жалпы сомасы 300 000 (үш жүз мың) теңгені құрайды.

2.3. Грантты төлеу мынадай тәртіппен жүргізілетін болады:

1) I транш Грант сомасының 70% мөлшеріндегі шартқа қол қойылған күннен бастап үш банктік күн ішінде Шағын грант иегерінің банк шотына қолма-қол ақшасыз жолмен аударылады;

2) II транш Грант сомасының 30% мөлшерінде есептерді қабылдағаннан (Шартқа №3 және №4 қосымшалар) және Тараптардың есепті қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін үш банктік күн ішінде аударылады.

2.4. Ұйымдастырушы Шағын грант иесіне шарт талаптарына сәйкес Грант аударды және гранттың нысаналы пайдаланылуын, сондай-ақ жобаның жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

2.5. Осы Шарттың 2.2-тармақта көрсетілген Грант сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы еместігіне байланысты Шарт бойынша жобаны одан әрі іске асыру үшін ақша қаражатының жеткіліксіздігімен байланысты барлық тәуекелдер Шағын грант иегеріне жүктеледі.

2.6. Грант қаражатын Шағын грант иегері 1.2-тармақта көрсетілген жобаны жүзеге асыруға ғана жұмсайды.

### **3. Ұйымдастырушының құқықтары мен міндеттері**

3.1. Ұйымдастырушының келесідей құқықтары бар:

3.1.1. Шағын грант иегерінен осы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;

3.1.2. Шағын грант иегерінен жобаны жүзеге асыруға қатысты және жобаны жүзеге асырудың барысы мен қорытындылары, гранттың жұмсалуды туралы толық және дұрыс ақпарат алу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға;

3.1.3. осы Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

3.2. Ұйымдастырушы міндетті:

3.2.1. осы Шартта көрсетілген Шағын грант иесінің есеп шотына шарттың 2-бөлімінде көрсетілген сомада ақша қаражатын аудару арқылы Грант беруге.

3.2.2. Гранттың біржақты (акцептсіз) тәртіппен пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру аясында есептілікке, гранттың жұмсалғанын растау үшін Шағын грант иегері ұсынған бастапқы құжаттардың көшірмелеріне тексеру және талдау жүргізуге, сондай-ақ жобаны іс жүзінде іске асыру, қажет болған жағдайда көшпелі тексеруді жүзеге асыруға;

